

**6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Серикбаев Аскар Сейткабыловичтің
 «Табанның орнынан шығуымен жүретін тобықтың күрделі сынығы кезіндегі трансартикулярлы бекітудің оптимизациясы»
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша**

ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты – Әмір және деңсаулық туралы ғылымға сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u>	Жұмыстың ғылымға қосатын үлесі зор, ал оның маңыздылығы өте жақсы ашылған. Клиникалық тәжірибеде табанның, тобық сынықтарының және жілік аралық синдесмоз диастазының ажырауын орнына келтіріп, табанды асықты жілікке біздермен трансартикулярлы бекітүге арналған құрылғы арқылы салыстырмалы түрде зерттеген докторанттың бұл жұмысы өте маңызды болып табылады

3.	Тәуелсіздік принципі	<p>Өзіжазуденгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзіжазбаған 	<p>Жұмыс барысында диссертант зерттеуді ұйымдастырудың, клиникалық материалды жинаудың, арнағы зертханалық зерттеулер жүргізудің барлық кезеңдеріне белсене қатысты. Материалды статистикалық өндөу заманауи деңгейде жүргізілген, алғынан нәтижелер интерпретацияланған, қорытындылар мен практикалық ұсыныстар түжірымдалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Ғылыми жұмыстың өзектілігі жақсы негізделген. Тобық сынықтарының, табанның тайқуы немесе шығуымен, жілік аралық синдесмоз жырттылып ашылумен жүретін жаракаттар кезінде, осыларға репозиция жасап, біздерді бірден, тұра өткізуге арналған құрылғыны пайдалану кезінде, негізгі және салыстыру топтарындағы науқастардың емдеу нәтижелерін бір бірімен салыстыра зерттеген докторанттың бұл жұмысы өте жоғарғы бағага ие және өзекті болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындауды</u>; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды 	<p>Диссертация мазмұны ғылыми жұмыс тақырыбының мәнін көрсететін аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.</p>
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына	Диссертациялық жұмыстың

	<p>сәйкеске келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкескелмейді 	<p>мақсаты нақты және айқын тұжырымдалған. Осы мақсатқа жету үшін міндеттер айқындалған, оларды шешу үшін зерттеу объектілері әдістемелік тұрғыдан дұрыс таңдалған, ғылыми материалды сараптаудың және статистикалық өндөудің заманауи ақпараттық әдістері қолданылған; нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілген.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор ғылыми жұмыстың ішкі жүйелілігін және алынған нәтижелердің бірлігін анықтайдын зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін логикалық қорытындыларды тұжырымдады. Диссертация қазақ тілінде ұғынықты да, нақты әрі сауатты жазылған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3)талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер мен қагидаттар дәлелденіп, сыни талдау жүргізілген. «Табан арқылы асықты жілікке біздерді транспартикулярлық өткізуге арналған құрылғыны қолдану туралы жаңа мәліметтер толық дәлелденген және бұрын жарияланған еңбектер тұрғысынан бағаланған және түпнұсқа болып табылады.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2)жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 	<p>Жұмыстың негізгі ғылыми ережелерінің жаңалығы практикалық және теориялық</p>

	<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тұрғыдан дәлелденген, бұл ізденушінің ғылыми зерттеуге қосқан үлесін көрсетеді. Бұл автор ұсынып отырған авторлық патенттермен дәлелденеді.</p> <p>- Диссертациялық жұмыстың нәтижелері және қортындылары күмәнсіз жаңа болып табылады. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар диссертациялық жұмысқа қойылатын ғылыми жаңалық дәрежесіне ие. Зерттеу нәтижесінде құрылғымен табанның тайқуна, тобық сынықтарының және жілік аралық синдесмоз ажырауына толығымен репозиция жасауға болатындығы; сынықтардың тайқуна репозиция жасалған СТБ-на біздерді өткізіп бекітпей тұрып репозицияның дұрыстығына көз жеткізу үшін рентгенологиялық зерттеулер жасауға мүмкіндік береді; егер репозиция дұрыс жасалынбай, аздаған тайқулар қалып қойса, наркозда жатқан науқасқа табанды біздермен бекітпей тұрып, қосымша репозиция жасауға болады; ТСБ оперативті әдістерін тек қана тобық сынықтарының және табан тайқуын толыққанды орнына келтірілгеніне көз жеткізгеннен</p>
--	---	---

			<p>кейін ғана жүзеге асырады, сондықтанда табан және асықты жілік буындарынан біздерді кайталаң өткізбек себебінен остеосинтез жарақаты төмендейді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденушінің жүргізген зерттеу жұмысы өзекті теориялық және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған. Ғылыми зерттеу барысында алынған нәтижелер тәжірибелге енгізілді, ол авторлық қуәліктермен және енгізу актілерімен расталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жүргізілген. Әдебиеттік шолудың талдауы диссертациялық жұмыстың міндеттеріне қойылған мәселелердің қазіргі жағдайын көрсетеді. Әдеби ізденіс отандық және шетелдік беделді басылымдардың басылымдарын пайдалана отырып мұқият жүргізілген, бұл диссертацияның жақсы жазылғандығын көрсетеді. Зерттеудің жобасы халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған. Аяқталған ғылыми жұмыс сауатты түрде жақсы әдістемелік деңгейде орындалғандықтан, автордың</p>

		<p>нәтижесіне үлкен сенім артуға лайық. Автор зерттелетін мәселенің толық бейнесін алуға мүмкіндік беретін заманауи әдістердің кең спектрін пайдаланған. Қарастырылып отырған диссертация дәстүрлі емдеу әдістерінің нәтижелерімен және қазіргі әдебиет деректерімен салыстыра отырып, өз әзірлемелерін колдану нәтижелерін егжей-тегжейлі, логикалық және сауатты талқылауды қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандардың барлығы ғылыми ережелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігін анықтайды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) <u>дәлелденбеді</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>и я</u> ; 2) <u>ж о к</u></p> <p>7.3 Жаңама ?</p> <p>1) <u>и я</u> ; 2) <u>ж о к</u></p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар ; 2) орташа ; 3) <u>кең</u></p> <p>7.1 Ізденушінің жүргізген зерттеу жұмысы өзекті тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты, қойылған міндеттері мен әдістемесі оның ішкі бірлігі мен сипатталады және ғылыми зерттеудің заманауи үрдістеріне жауап береді. Қорғауға шығарылатын қағидалардың нақтылығы мен негізделуіне эксперименталды материалдардың жеткілікті көлемде болғаны, ғылыми</p>

	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия</u> ; 2) жок</p>	<p>ізденістің әдістемесін таңдауы және нәтижелерді SPSS 20.0 статистикалық пакет бағдарламасы көлемімен статистикалық өндөу жүргізуі негіз болды.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған кагидалар тривиальды емес.</p> <p>7.3 Зерттеу нәтижелері фундаменттік, жаңа болып табылады. 17 ғылыми мақалалармен және авторлық патенттермен дәлелденген.</p> <p>7.4 Алынған нәтижелерді қолдану деңгейі кең негізделген және шынайы, әзірленген күрылғыны стационарлық жағдайда пайдаланудың клиникалық нәтижелері мен функционалдық нәтижелері туралы деректерді ұсынады, клиникалық топтар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтарды қамтиды және біздерді нақты өткізу үшін әзірленген күрылғыны пайдалана отырып, трансартикулярлы бекітудің артықшылығын көрсетеді.</p> <p>7.5 Диссертацияда барлығы 17 мақала басылымға шығарылды: 5 мақала ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау</p>
--	--	--

			<p>комитеті ұсынған журналдарда басылып шығарылды; 1 мақала Scopus базасында индекстелетін басылымдарда шығарылды; Халықаралық ғылыми конференция материалдарында 9 тезис жарияланды; 2 патент алынды.</p> <p>Алынған патенттер</p> <p>ҚР Әділет министрлігі зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Табан арқылы Үлкен жіліншік сүйекке шабакты (біздерді) трансартикулярық откізуге арналған құрылғы» №55201, 2006ж. Автордың куәлігі. Астана. Предпатент № 19661, 2006ж;</p> <p>Ресей Федерациясының зияткерлік меншік құқығының қызметінің «Табанның, тобық сынықтарының және, ЖАС диастазының, тайқуын орнына келтіріп, табанды асықты жілікке трансартикуляры бекітуге арналған құрылғы» Патент №2690613, 04.06.2019ж., Бюлл.№16. 2019ж.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) и я; 2) жоқ	Методологияны таңдау репрезентативтілікпен, заманауи ақпараттың зерттеу әдістерімен және зерттеудің

		ғылыми сенімділігін статистикалық бағдарламамармен сенімді негізделді.	нәтижелерінің дәлелдеген
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иа</u> ; 2) жоқ	Ғылыми ережелер мен нәтижелер заманауи ақпараттық зерттеу әдістерін, сондай-ақ сандық деректерді талдау барысында үздіксіз мәндерді параметрлік талдау үшін - Стьюодент, үздіксіз мәндерді параметрлік талдау үшін - Манна-Уитни, салыстырмалы мөлшерін талдау үшін - Пирсон χ^2 , Фишердің t-белгілері - әдістерді қолдану үшін шекаралық шарттардың орындылығына сәйкес критерийлер қолданылған.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылдықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иа</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылардың нәтижелерінің сенімділігі ғылыми деректермен, статистикалық талдаудың сенімділік дәрежесімен, эксперименттік зерттеулермен расталған.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер диссертацияның барлық белімдерінде тиісті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Әдеби шолу үшін 218 дереккөздердің жеткілікті саны	

			пайдаланылды. Пайдаланаылған шетелдік дереккөздер осы өзекті мәселеге қызығушылықтың жаһандық ауқымын көрсетеді.
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижелері Автордың құрылғысындағы (Патент №2690613, 2019ж. РФ) біздердің бағыттаушысы, біздердің бір біріне параллельді және үш бұрышты болып орналасуына мүмкіндік жасауы медицинадағы жаңалық деп танылса, мұндағы Биомеханикалық есептеу «Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің, Машина жасау және жабдықтар технологиясы» кафедрасының профессоры О.Т. Теміртасовтың көмегімен жасалған, бұл теориялық жағынанда қолданысқа ие болып табылады.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жабық түрде күрделі тобық сынықтарының, табан тайкуымен және жілік аралық синдесмоз диастазын емдеуде (сирақ-табан тіндерін тілмей) аз инвазивті ота остеосинтезін жасауда жоғарғы деңгейде өткізуге мүмкіндік</p>

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	жасайтынын ұсынылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жогары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Құрылғының осы келтірілген тәжірибелік маңыздылығы салыстырмалы топпен салыстырғанда ем шараларының асқынуларын азайтуға, емдеу нәтижелерін жақсартуға, емдік құндарын төмендетіп, науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға, шұғыл көмек көрсету кезінде дәрігерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік жасалатындығы ұсынылады. Диссертацияның құрылымы дәстүрлі болып табылады, ол кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материал мен зерттеу әдістерінің сипаттамасынан, езіндік зерттеу нәтижелерінен, қортындыдан, тұжырымдамадан, тәжірибелік ұсыныстар мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация сауатты, қолжетімді, ықшам тілде жазылған, күрделі стильдік қателері жок, академиялық жазбаның сапасы жеткілікті деп бағаланады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, ізденуші Серикбаев Аскар Сейтқабылович 6D110100-Медицина мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Табанның орынан шығуымен жүретін тобықтың күрделі сыйнығы кезіндегі трансартикулярлы бекітудің оптимизациясы» атты тақырыптағы ғылыми зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер ете маңызды, жеке өзі дайындаған мәнді еңбек деп бағалауга болады. Диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маздылығы бар толық аяқталған жұмыс болып табылады.

Диссертация 6D110100-Медицина мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға сай, ал жұмыстың авторы философия докторы (PhD) атағы берілуіне лайықты.

Рецензент:

С.Ж.Асфендияров атындағы

Қазақ Ұлттық медицина университетінің

травматология және ортопедия кафедрасының профессоры:

м.ғ.д. Набиев Ергали Нугуманович

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина
университеті» КЕАҚ Құжаттамалық қамтамасызы
ету және бақылау белгімінің басшысы

ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ

Руководитель отдела документационного
обеспечения и контроля
НАО «Казахский национальный медицинский
университет имени С.Д.Асфендиярова»